

**Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі және
Тәжікстан Республикасының Денсаулық сақтау және халықты әлеуметтік қорғау
министрлігі арасындағы әлеуметтік саласындағы ынтымақтастыққа ниет туралы
МЕМОРАНДУМ**

Меморандум, 2018 жылғы 14 наурыз

**(2018 жылғы 14 наурызда күшіне енді - Қазақстан Республикасының халықаралық
шарттары бюллетені, 2018 ж., № 3, 36-құжат)**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты
әлеуметтік қорғау министрлігі және Тәжікстан Республикасының Денсаулық сақтау
және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі,

әлеуметтік-еңбек саласындағы достық қатынастарды дамытуға және нығайтуға
ұмтыла отырып,

Тараптың ұзақ мерзімді және тұрақты негізде өзара тиімді және тең құқықты
ынтымақтастыққа мүдделі екенін ескере отырып,

халықаралық құқық нормаларын және Тараптар мемлекеттерінің ұлттық
заңнамасын сақтай отырып,

ашықтық, айқындық және Тараптардың мүдделерін өзара құрметтеу қағидаттарына
сүйене отырып,

төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Осы Меморандумды іске асыру шеңберінде Тараптар өз құзыреті шегінде
әлеуметтік саладағы ынтымақтастықты келесі нысандарда жүзеге асыруға ниет
білдіреді:

а) әлеуметтік қорғау саласындағы заңнамалық және өзге нормативтік құқықтық
актілермен, сондай-ақ өзара мүддені білдіретін басқа да ашық ақпаратпен және
құжаттармен алмасу;

б) өзара мүддені білдіретін мәселелер бойынша бірлескен кездесулер,
консультациялар, ғылыми-тәжірибелік семинарлар мен конференциялар, “дөңгелек
үстелдер” және басқа да іс-шаралар өткізу;

в) халықты әлеуметтік қорғау саласында тәжірибемен және білім алмасу;

г) Тараптардың ортақ мүдделерінің аясына кіретін өзге де бірлескен іс-шаралар мен
жобаларға қатысу;

д) басқада өзара келісілген ынтымақтастықтың бағыттары.

2-бап

Осы Меморандумды іске асыру шеңберінде Тараптар бір-бірін өзара мүддені білдіретін кездесулер мен іс-шараларға, олардың өткізілуін реттейтін қағидаларға сәйкес шақыратын болады.

Тараптар осы Меморандумды іске асырумен байланысты шығындарды қаржыландыруды Тараптардың заңнамасына сәйкес дербес жүзеге асыратын болады.

3-бап

Осы Меморандум шеңберінде ақпарат алмасу орыс тілінде жүзеге асырылатын болады.

4-бап

Осы Меморандумды іске асыру шеңберінде Тараптар мемлекеттерінің заңнамасына сәйкес қолжетімділік шектелген болып табылатын ақпарат берілмейді.

5-бап

Осы Меморандумды іске асырумен және қолданумен байланысты мәселелер Тараптар арасындағы консультациялар арқылы шешілетін болады.

6-бап

Осы Меморандумға Тараптардың келісімі бойынша оның ажырамас бөлігі болып табылатын өзгерістер және толықтырулар тиісті хаттамаға қол қою арқылы енгізілуі мүмкін.

7-бап

Осы Меморандум қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Меморандум 5 (бес) жыл мерзімге жасалады, егер Тараптардың бірде-біреуі осы Меморандумның қолдану мерзім аяқталғанға дейін кемінде 6 (алты) ай бұрын екінші Тарапты дипломатиялық арналар арқылы өзінің оның қолданылуын тоқтату ниеті туралы хабардар етпесе, ол автоматты түрде кейінгі бесжылдық мерзімдерге ұзартылады.

2018 жылғы 14 наурызда Астана қаласында әрқайсысы қазақ, тәжік және орыс тілдеріндегі екі түпнұсқа данада қол қойылды.

Осы Меморандумды түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

*Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрлігі үшін*

*Денсаулық сақтау және
халықты әлеуметтік қорғау
министрлігі үшін*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК